

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/EIWC1999>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Г. К. Әбішева¹, А. О. Карипжанова²**

^{1,2}Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: Abisheva_gulnara1982@mail.ru

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ РЕМИНИСЦЕНТТІК ҚЫЗМЕТІ

Аталмыш мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы жалқы есімдердің реминисценттік қызметі беріледі. Реминисценттік жалқы есімдер, халық мәдениетіне қатысты және ол тікелей көркем мәтін бойында қамтылады.

Көркем мәтіндегі кез-келген жалқы есімдерді екі сипатта қарастыруға болады: біріншіден, мағыналық аспектіде, оның сырт тұрпаты тұрғысынан; екіншіден, мағыналық жағынан, оның семантикасы, жалқы есімдер ұсынатын көркем бейне тұрғысынан. Реминисценттік жалқы есімдер көркем мәтінде басқа шындықтың объектісін (физикалық немесе көркемдік) айғақтау функциясын жүзеге асыру үшін автордың ниетін объективті ететін лингвистикалық механизм ретінде қызмет атқарады. Дәйексөздер, қанатты сөздер, жеке неологизмдер, кейіпкерлер есімдері, шығармалардың атаулары, олардың авторларының есімдері, сөздер мен сөз тіркестерінің ерекше коннотациялары туралы тікелей немесе жанама сілтемелер реминисценттік есімдер ретінде қызмет атқарады.

Мәтіндік реминисценция кезінде дереккөзге сілтеме әртүрлі дәлдік дәрежесінде болуы немесе болмауы мүмкін. Осыған байланысты мақалада «реминисценттік жалқы есім» ұғымын зерделеу және олардың Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы ерешеліктерін белгілеу мақсаты көзделеді. Мәшһүр Жүсіп шығараларындағы діни-теологиялық есімдер, құдай, пайғамбар, періштелер есімдері реминисценті есімдер ретінде зерттеліп, олардың танымдық ерекшеліктері ашылады.

Кілтті сөздер: прецеденттік жалқы есім, реминисценттік жалқы есім, мәдениет, уақыт, мәтін, лингвистикалық құрал

Кіріспе

Көркем мәтіннің мазмұндық құрылымын жасаудағы жалқы есімдер рөлінің маңыздылығына қазіргі уақытта ешбір зерттеуші күмән келтірмейді. Олар шығармада әртүрлі лингвистикалық құрал ретінде әрекет ете алады. Жалқы есімдердің аталмыш ершеліктері зерттеушілер назарын аударып отыр. Мәтіндік реминисценция көздерінің шегі өте ауқымды. Оларға біз ауыз әдебиеті үлгілерін, аңыздарды мифтік туындыларды, ежелгі дүние әдебиеті үлгілерін жатқыза аламыз.

Реминисценция (лат. *reminiscentia* «еске алу») – бұрын белгілі өнер туындыларының жалпы құрылымын, жеке элементтерін немесе мотивтерін сол (немесе жақын) тақырыпта қолданудан тұратын көркемдік жүйенің элементі [1, 209 б.].

Көркем образдар, кейбір әдеби кейіпкерлердің есімдері, жеке мотивтер мен стилистикалық әдістердің де реминисценттік сипаты болады.

А. А. Фомин дұрыс атап өткендей, «әдеби онимдердің реминисценттілік деңгейлері өте әртүрлі болуы мүмкін, өйткені олар сілтеме жасалған атаулардың Даңқ дәрежесіне тікелей байланысты» [2, 170 б.]. Сонымен, бір топ үшін реминисцентті атауды, мысалы, қажетті фондық білімнің болмауына байланысты прецеденттік сигналдарды қабылдамаған басқа топтар реминисцентті емес деп қабылдауы мүмкін.

Ю. Н. Карауылов прецеденттік мәтіндерді қолданудың төрт түрін анықтады: дәйексөз, шығарманың атауы, автордың немесе кейіпкердің аты [3, 218 б.]. Осы мақаланың аясында біз реминисценцияны жалқы есімдер – авторлардың, кейіпкерлердің және шығармалардың атаулары арқылы автордың жеке көзқарастарын қарастырамыз.

Реминисценцияны авторлық идеялардың бейнелі көрінісі ретінде толық сипаттау үшін Мәшһүр Жүсіп шығармаларына жүгінеміз. Реминисценттік қолданыстар авторлық идеяның тарихи, мифтік немесе басқа да ағартушылық мотивтерін анықтау мақсатында қолданылғанын байқауымызға болады.

Реминисценциялар арқылы көркем кейіпкердің жеке әлемі ашылады, автордың өз туындысына деген жеке қатынасы көрсетіледі. Әйгілі діни, тарихи немесе әдеби кейіпкерлерді реминисценттік жағдаятта қамтуының өзінен автордың рухани әлеміне бағдар жасауға болады.

Поэзиядағы реминисценциялар ерекше мәнге ие болады, олардың көмегімен ақынның идеялық пайымдары шешіледі. Өнер ескерткіштеріндегі реминисценциялардың рөлі өте ауқымды, олар аталымдық функцияны ғана емес, сонымен қатар поэтонимдердің аялық мағынасын да анықтайды.

Топонимикалық объектілердің аталуындағы реминисценциялар назар аударылып отырған топонимнің географиялық орналасуын анықтайды және әдетте, белгілі бір тұлғамен байланысты болып отырады.

Мәтінде сипатталған маңызды тарихи және діни атаулар қаламгерлердің дүниетанымдық ерекшеліктері туралы ақпарат береді, бұл автордың болмысы мен авторлық идеясы мен ниетін түсінуге ықпал етеді.

Қандай да бір кейіпкердің есімі кейіпкердің өзін ғана емес, сонымен қатар оның әдеби ортасын да; сол кейіпкермен байланысты бірқатар сюжеттік жағдайлар, сөздер тобы және т.б. еске түсіреді. Шын мәнінде, есім алынған барлық мәтінді еске түсіреді. Демек, біз бір есім аталған кезде осы есіммен байланысты бүкіл тарихи суретті ассоциативті түрде елестете аламыз. Реминисценциялардың идеялық көіл-күйді де бере алу қабілеті бар. Ассоциативті қатынасты анықтауға қызмет ететін мәтіндік емес элементтер, тарихи, мәдени оқиғалар реминисценциялардың денотаты болып табылады.

Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы поэтонимдердің де реминисценциялық қасиеттерін анықтап кетуімізге болады

Материалдар және әдістер

Ғылыми материал ретінде шетелдік және отандық лингвист-ғалымдардың, әдебиеттанушылар мен философтардың жұмыстары қызмет етті, олардың қатарына В. В. Виноградов, А. В. Суперанская, Ю. А. Карпенко, В. А. Никонов И. С. Зинин, Е. Э. Бертельс, В. А. Жуковский, М. Т. Степанянц, А. В. Смирнов, Р. Никольсон, К. Эрнст және қазақ ономастикасын жан-жақты зерттеу барысында А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, А. Т. Қайдаров, О.А. Султаньяев, Е. Жанпейісов, Ф. Мұсабекова, Қ.Қ. Рысбергенова, В. У. Махпиров, Г. Б. Мәдиева, С. Қ. Иманбердиева, Қ. Ф. Аронов, Е. Ә. Керімбаев, Б. М. Тілеубердиев, С. Е. Керимбаева, Б. Көшімова т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, негізгі теориялық тұжырымдары мен пікірлеріне сүйендік.

Талданатын материалдың ерекшелігі және қойылған міндеттерді орындау қажеттілігі синхронды талдау, дескриптивтік, интерпретациялық, қорыту, тарихи теңестірушілік, салыстырмалы және стилистикалық талдау әдістерін пайдалануға себепші болды.

Нәтижелері мен талқылануы

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы поэтонимдердің реминисценциялар түрінде қолданылуы арқылы діни және философиялық ұғымдар берілетінін байқаймыз. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы реминисценцияның төмендегідей факторларын ұсынуымызға болады:

– пайғамбарлар және басқа да діни өкілдер есімдерінің рөлін анықтау факторы;

– сурелер мен аяттарды ғана көрсету факторы және олардағы жалқы есімдердің сипаты;

– халықтың өткен өмірімен, оның тарихының мәдени және психологиялық маңыздылығымен тығыз байланысты көркем ескерткіштің тарихи бейнесін дәйектеу факторы;

– аңыз, миф желісімен жазылған шығармаларындағы кездесетін белгілі тұлғалар туралы бейнелеу факторы. Олардың танымдық, сипаттамалық және тәрбиелік мәндері бар екенін айта кеткен жөн.

Бірінші фактор бойынша қарастырар болсақ, алғашқы пайғамбар – Адам ата поэтонимі көптеген аңыздарда кездеседі. Аталмыш поэтонимнің Мәшһүр Жүсіп шығармаларында келуі де оның шығармашылығының көп бөлігі қасиетті Құран аңыздарын сипаттаумен байланыстылығын көрсетеді.

Адам атаның топырақтан жаратылғаны және оған Хақ сәулесінің даруы туралы аңыз Мәшһүр Жүсіп шығармаларында реминисценция формасында көптеп қайталанады. Бұлай берілуі «барлығы Хақ нұрынан жаралған» деген философиялық идеяны көрсетумен байланысты екенін тануымызға болады:

- Әуелі жан иесі – **Адам ата**,

Жан қылып топырақтан қылған жота [4, 155 б.].

-Топырақтан жаратам **Адам!** – дейді,

Жебірейіл, бұйырамын саған! – дейді.

Бар-дағы Мағриб, Машрих ортасынан,

Бір уыс топырақ ап кел маған! – дейді [5, 59 б.].

- Жаралған ең әуелі- **Адам ата**,

Қоймады дүниеге оны да [алған].

Жаралған онан соңғы – Нух нәби,

Біз түгіл, бәрі өткен, олар кәні?!

Бәрінің құрметі үшін ол жаратқан-

Мұхаммед расул Мұстафаны [6, 20 б.].

- Сонда Хақ тағала айтты: «Ей, періштелерім, мен білгенді сендер білмейсіңдер! – деді. Адам атаны жаратты – топырақтан. **Адам ата** жиырма жастағы жігіт шамасында болып жаралды. Онан кейін Адам ғалайссалам ұйқылы-ояу жатқанда, сол жақ қабырғасының ішкі жағынан алып, Адам атаның етін ауыртпай, анамыз- Хауа ананы жаратты. Екеуін бір-біріне қосып, жұпты қылды. Жебірейіл құтпа оқып, неке қиды. Неках (неке) сонан бері мұрас (мирас) қалды. Сонан кейін Адам ата, Хауа анамыз бен көп жыл ұжмақта (жұмақта) болды [7, 179 б.].

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларындағы Адам ата туралы ойлар Құран сүрелерінен алынғанын айта кеткеніміз жөн. Құран кәрімде адамның жаратылуы жөніндегі аяттардың барлығында да хазірет Адамның топырақтан жаратылғандығы айтылады. Ол туралы Құранда: «Аллаһ тағала сені (Адам атаны) топырақтан, сосын бір тамшы судан (Адам атаның ұрпағын) жаратты» [7, 180 б.], – дейді.

Адам атаның өмірге келуі мен алғашқы кұнаһарлықтың пайда болуы – шайтанның Адам атаға жасаған кесапаттары Мәшһүр Жүсіптің келесі жолдарынан байқалады:

Жаралған ең әуелі Адам ата,
Жайылған жанның бәрі – соған бота.
Хауа ана шайтан малғұн тілін алып,
Жұмақтан шықпады ма біржолата [8, 18 б.].

Бұдан соң шайтан өз баласы Ханнасты Хауа ананың жанына «жаныңда бола тұрсын» деп қалдырып кетеді, оны Адам ата қайтып келгенде көріп, қылышымен турап өлтіреді. Бірақ шайтан келіп, «Ханнас» деп атын атағанда, ол түк болмағандай орнынан тұрып келе жатады. Осылайша бірнеше рет қайталанады.

Жетіп кеп Адам ата қатуланды,
Хауаға қатуланып, қамшы салды.
Білсеңіз, ашуланып қатын ұрмақ
Мирас боп кейінгіге содан қалды, – дейді [8, 20 б.].

Осылайша Адам ата бірнеше рет Ханнасты өлтіреді, ал шайтанның баласы аты аталысымен-ақ тіріліп кете береді. Бұлай жалғастыруға болмайтынын біліп, Адам ата мен Хауа ана Ханнасты өлтіріп, етін бөлшектеп, пісіріп жеп алады.

Осыдан соң шайтан келіп, «Ханнас» дегенде, Адам мен Хауаның ішінен «Мен мұндамын» деген дауыс естіледі.

Шайтан сонда: -Жайғастың, балам! – дейді,
Сен іштен, мен тыстан шалам! – дейді.
Адамды жан-жағынан біз азғырсақ,
Жанбай ма Жаханнамда олар?! – дейді.
Содан бері шайтандар жайлап алған,
Қан секілді адамның тамырында [8, 21 б.].

Міне, Мәшһүр Жүсіп Құран оқиғаларынан алынған реминисценцияларды пайдалана отырып, өз тұжырымдарын қорытып айтады. Адам баласына арақ ішудің кесапаттарын айтады:

Қан болып тамырында жүр-ау шайтан,
Тартарсың қияметте сен жазаны,
Малғұнның денеңдегі тілін алсаң, – дейді [8, 20 б.].
- Ауырса, арақ ішіп, сұрама халін!
Тәубе қылмай, дүниеден өтер болса,
Оқымаңдар жаназа-намаздарын!
- Кімде-кім: «Бұл арақты десе халал»
Тап сол жан діннен шыққан кәпір болар [8, 22 б.].

Мәшһүр Жүсіп поэзиясында Адам ата мен Хауа ананың жеуге тыйым салынған бидай дәнін жеп қойғандары үшін жұмақтан қуылғандары жайлы да реминисценциялар бар:

Барады Хауа анамыз жегісі кеп,
Жоламай Адам ата отырды көп.
Екі үзіп өзі жеді, Хауа анамыз,
Кәнеки, маған жұқты немеңе? – деп.
Жемеске өзін Хауа тыя алмайды,
Енді айттым: Мен байдан тіл алмайды.
Көргеннен Хауа ананы сондай жақсы,
Адам да оның сөзін қия алмайды.
Екі үзіп сол бидайдан Хауа жеді,
Бір үзіп атамызға алып берді.
Аузына Адам ата салған шақта,
Шошынып өне бойы дірілдейді [9, 106 б.].
Иә, Адам, ұжмағымнан сен шық! – дейді,
Тұруға енді мұнда жол жоқ! – деді.
Екі өгіз, он қой, бір ат енші бердім,
Кешікпе, енді мұнда, тұр шық! – деді [9, 107 б.].

Кейде адамдардың жасаған күнә-қателіктері Адам атаның күнәсіне теңдестіріліп айтылады. Нәпсі мен шайтан бәр нәрсе болып айтылады. Ол Адам атаны ақ жолдан тайдырғандар ретінде көрсетіледі.

Адам мен Хауаның балалары Қабыл және Һабілмен байланысты реминисценциялар қантөгіс пен қатыгездіктің көрсеткішін дәйектейді. Шығарма желісі бойынша екі ағайынды Қабыл мен Һабіл дүниеге келген кезде олармен бірге екі қарындасы да дүниеге келді. Екі ағайынды жігіт өз қарындастарына үйленеді. Бірақ олар үйленбекші болып отырған қарындастарын айырбастау үшін араларында кикілжің туады. Бұл оқиға Адамға жетіп, ол екі ағайындыны Мина тауында құрбандық шалуды және оның құрбандығын Жаратушы қабылдайтынына көз жеткізуді бұйырды. Құрбандық шалынады, Самұрық құсы сияқты от пайда болды және Һабілдің құрбанын жұтып қойды, Қабылдың құрбаны қабылданбайды. Ашуланған Қабыл пышақты алып, Һабілді өлтіріп, «бұл құрбандық міндетті түрде қабылданады» деп айқайлайды [9, 29 б.]. Осы аңыз Мәшһүр Жүсіп шығармасында төмендегідей көрініс тапқан:

Ит – көктен жаралған, мысық – оттан,
Сол себептен адамға жақын еткен.
Адам ата, Хауа ана қосылған соң,
Ұл мен қыз егіз болып бала біткен.
Бір егіздің сынарын бірге қосқан,

Бір сұлу қыз Қабылмен бір туысқан.
Соны барып Һабілге қосқаннан соң,
Қабыл тұрып Һабілге болды дұшпан.
Ал екеуі келіспес араз болып,
Бара жатыр кеңеске ішім толып.
Бір кеңес алымсақтан айтсам керек,
Қабыл, Һабіл қоя тұрып [9, 109 б.].

Адам атаның баласы Шис есімімен байланысты реминисценциялар Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында адам бойындағы әділеттілікті, игі қасиеттерді дәріптеумен байланысты:

Қабыл тұрып Һабілді өлтіріпті,
Қырық күн Адам зар жылап отырыпты.
Тиштен Шыш есімлі бала туып,
Құдайым жүзін, нұрын келтіріпті.
Баласын Адам сопы жиып алған,
Бәріне дін үйретіп жолға салған.
Он кітап келген екен сонда өзіне,
Өзгесі кетіп, орыны Шышта қалған [9, 111 б.].

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында реминисценциялардың бірі – Нұх онимі. Нұх пайғамбардың есімі «Нұх кемесінен кейінгі әңгіме», «Нұх, наурыз тарихы», «Нұх пайғамбар мен бір кемпір» атты аңыз әңгімелерінде айтылады.

Осы аңыз әңгімелерінде Мәшһүр Жүсіп Нұх кемесінің судан шыққаннан кейінгі жыл санауына, «Наурызға» байланысты аңыздық белгілердің сақталуына тоқталған. Сонымен қатар «Нұх пайғамбар мен бір кемпір» аңызында Нұх пайғамбардың қателесуі сөз болады. Бұл жерден пайғамбар болса да, адамға, қарапайым пендеге тән қасиеттерге ие екендігін тілге тиек етеді.

Нұх пайғамбардың әңгімесі жер – дүниені топан су басуы туралы әңгімелерге негізделген, Құранда және Библияда айтылатын әлемді топан су басуы туралы мифтер, әлемнің теңіз астында қалатыны жайлы бізге шумер мен Вавилоннан, сондай-ақ ежелгі үнді және Қытай мифологиясынан белгілі. Ежелгі мифологияда, Библияда және Құранда дүниежүзілік су тасқыны адам үшін жаза деп айтылады. Шығарма желісі бойынша, Алла тағала Нұх пайғамбарға Дүниежүзілік су тасқыны туралы алдын-ала ескертеді және одан кеме жасап, әр жәндіктен бір-бірден алып келуді сұрайды. Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларынан алынған баяндаудың мазмұнын осы сюжет нұсқаларының бірі болып табылады. Онда дүниежүзілік топан су белгілері тандыр нанынан анықталады. Тандыр Куфа қаласында жасалады. Бұл қалада Нұх пайғамбар жиырма жыл бойы кеме жасайды. Жер жүзін топан су басатыны туралы хабарға басқа дін өкілдері күліп, мазақпен қарайды.

Күн сайын тек бір кемпір ғана сиыр сауып, сүт қайнатып, айран ұйытып, Нұх пайғамбарға әкеп отырады. Ол сондай-ақ Нұх пайғамбардан су тасқыны кезінде оны өзімен бірге кемеге апаруын сұрайды. Аласапыранда Нұх пайғамбар кемпірді ұмытып кетеді. Осы уақытта алты ай, он екі күн өтеді, жерде құрғақшылық пайда болады. Бір күні қарт әйел айранын алып жағаға келіп, тағы да: «су тасқыны кезінде мені және сиырымды өзіңізбен бірге ала кетіңіз!» деп тағы да сұрайды. Сонда Алла тағала Кемпірдің сезімдерінің шынайылығына таң қалады және ол туралы енді ұмытпастай болады. Кемпір сиырын сауып болып, демалуға жатады, ұйқыға кетеді. Оянып, ол жағаға айранын алып келеді.

Мәшһүр-Жүсіп Нұх пайғамбар туралы осы аңыз әңгімені келтіре отырып, ізгі тілек ешқашан назардан тыс қалмайды деген ойға келеді [10, 53–54 бб.].

Қорытынды

Қорыта айтар болақ, Мәшһүр Жүсіп ономастикалық лексикасында онимдердің ерекше санаты бөліні шығады, оларды реминисцентті деп атауға болады. Реминисцентті емес атаулардан айырмашылығы, олар белгілі бір объектіні ғана емес, сонымен қатар басқа әлемге (нақты немесе көркем) жататын басқа объектінің атауына сілтеме жасап тұрады. Нәтижесінде оқырман мәтінде көркемдік мәнге ие екі идеяның ассоциативті байланысын анықтайды, бейнені қабылдау тереңдей түседі. Кейіпкердің есімін реминисцентті қолдану бір әдеби шығарманың көркем бейнелерін басқа шығарманың әдеби шындық әлеміне енгізуге ықпал етеді. Аллюзивті онимдер, оның ішінде мифонимдер, коннотативті мағыналардың пайда болуына ықпал ете отырып, әдеби шығарма кейіпкерлерінің бейнелерін толықтыра түседі. Осыған байланысты реминисцентті есімдерді, олардың көркем мәтіндегі орнын зерттеу өзекті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 **Ахманова, О. С.** Словарь лингвистических терминов. – М. : КомКнига, 2007. – 576 с.

2 **Фомин, А. А.** Имя как прием: реминисцентный оним в художественном тексте // Вестн. Урал. гос. ун-та. Сер. Гуманитарные науки. Екатеринбург, 2003. № 28. Вып. 6. С. 167–181.

3 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность. – М. : Изд-во ЛКИ, 2007. – 264 с.

4 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. – Павлодар, 2005. – 5-т. – 535 б.

5 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. 13 том. – Павлодар : «Эко» ҒӨФ, 2008. – 385 б.

- 6 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. – Павлодар, 2008. – 12-т. – 362 б.
- 7 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. – Павлодар, 2005. – 6-т. – 396 б.
- 8 **Көпейұлы, М.-Ж.** Көп томдық шығармалары. – Алматы : Алаш, 2003. – 1-т. – 504 б.
- 9 Сөз өнерінің зергері. Акын, публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналады. / Құраст.; Қосаева Н. Қ., Күзембаева В. Ред. алқасы: Әбуғалиева К.К. (жауапты ред.), ред.: Нұрғожина Ж. М., Ақашева С. С., Әбенова Л. Д., Бравач О. П. (техн. ред.). – Алматы : Орталық ғылыми кітапхана, 2008. – 308 б.
- 10 **Көпейұлы, М.-Ж.** Шығармалары. – Павлодар, 2006. – 7-т. – 393 б.

References

- 1 **Ahmanova, O. S.** Slovar' lingvistichestkikh terminov [Dictionary of linguistic terms]. – Moscow : Komkniga, 2007. – 576 p.
- 2 **Fomin, A. A.** Imya kak priyem: reminiscentnyy onim v khudozhestvennom tekste [The name as a device: a reminiscent onym in a literary text] // Vestn. Ural. state university Ser. Humanitarian sciences. Ekaterinburg, 2003. – № 28. – Вып. 6. – P. 167–181.
- 3 **Karaulov, Yu. N.** Russkiy yazyk i yazykovaya lichnost'. [Russian language and linguistic personality.]. : Moscow Izd-vo LKI, 2007. – 264 p.
- 4 **Kopeiuli, M.-Zh.** Шығармалары [Works]. – Павлодар, 2005. – Vol 5. – 535 p.
- 5 **Kopeiuli, M.-Zh.** Шығармалары [Works]. Vol 13 – Павлодар: «Эко» ЎЎФ, 2008. – 385 p.
- 6 **Kopeiuli, M.-Zh.** Шығармалары [Works]. – Павлодар, 2008. – Vol 12. – 362 p.
- 7 **Kopeiuli, M.-Zh.** Шығармалары [Works]. – Павлодар, 2005. – Vol 6. – 396 p.
- 8 **Kopeiuli, M.-Zh.** Көп томдық шығармалары [Multi-volume works]. – Алматы: Алаш, 2003. – Vol 1. – 504 p.
- 9 Söz öneriniñ zergeri [A jewel of the art of words] . Dedicated to the famous poet, publicist, ethnographer, folklorist, educator Zhusyp Kopeev / Compiled by: Kosaeva N.K., Kuzembaeva V. Ed. panel: Abugalieva K.K. (responsible editor), ed.: Nurgozhina J.M., Akasheva S.S., Abenova L.D., Bravach O.P. (technical editor.) – Алматы: Central Scientific Library, 2008. – 308 p.
- 10 **Kopeiuli, M.-Zh.** Шығармалары [Works]. – Павлодар, 2006. – Vol 7. – 393 p.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

*Г. К. Абишева¹, А. О. Карипжанова²

^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

РЕМИНИСЦЕНТНАЯ ФУНКЦИЯ ИМЕН СОБСТВЕННЫХ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУР ЖУСУПА

В данной статье дается реминисцентная функция имен собственных в произведениях Маихур Жусупа Копеева. Реминисцентные имена собственные относятся к народной культуре и охватываются непосредственно художественным текстом.

Любые имена собственные в художественном тексте можно рассматривать по двум признакам: во-первых, в семантическом аспекте, с точки зрения его внешнего вида; во-вторых, в семантическом, с точки зрения его семантики, художественного образа, предлагаемого именами собственными. Имена собственные реминисценции служат в художественном тексте как лингвистический механизм, делающий объективным намерение автора для реализации функции свидетельствования объекта другой реальности (физического или художественного). Прямые или косвенные ссылки на цитаты, крылатые фразы, личные неологизмы, имена персонажей, названия произведений, имена их авторов, особые коннотации слов и фраз служат реминисценционными именами.

При реминисценции текста ссылка на источник может иметь или не иметь разную степень точности. В связи с этим цель статьи является изучение понятия «реминисцентное собственное имя» и установление его особенностей в отношении работ Маихур Жусупа. В произведениях Маихур Жусупа изучаются религиозно-богословские имена, имена Бога, пророка, ангелов как имена-реминисценторы, раскрываются их познавательные особенности.

Ключевые слова: прецедентное собственное имя, реминисцентное собственное имя, культура, время, текст, лингвистический инструмент

*G. K. Ábisheva¹, A. O. Káripjanova²

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 09.06.23.

THE REMINISCENCE FUNCTION OF PROPER NAMES IN THE WORKS OF MASHKHUR ZHUSUP

This article gives a reminiscence function of proper names in the works of Mashkhur Zhusup Kopeev. Reminiscent proper names related to folk culture and covered directly by the artistic text.

Any proper names in a literary text can be considered on two grounds: firstly, in the semantic aspect, from the point of view of its appearance; secondly, in the semantic, from the point of view of its semantics, the artistic image offered by proper names. Proper names of reminiscences serve in a literary text as a linguistic mechanism that makes objective the author's intention to implement the function of witnessing an object of another reality (physical or artistic). Direct or indirect references to quotations, catch phrases, personal neologisms, names of characters, titles of works, names of their authors, special connotations of words and phrases serve as reminiscential names.

When the text is recalled, the reference to the source may or may not have a different degree of accuracy. In this regard, the article provides the purpose of studying the concept of «reminiscent proper name» and establishing its features in the application of Mashhur Zhusup. In the works of Mashkhur Zhusup, religious and theological names, the names of God, the prophet, and angels are studied as reminiscential names, and their cognitive features are revealed.

Keywords: precedent proper name, reminiscent proper name, culture, time, text, linguistic tool

Теруге 09.06.2023 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 22,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4100

Сдано в набор 09.06.2023 г. Подписано в печать 30.06.2023 г.

Электронное издание

3,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 22,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4100

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz